

АНАЛИТИКАЛЫҚ ОҚЫЛЫМ – ОҚУШЫНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Майра ЖОЛШАЕВА *
Салтанат Дәуірхан ***

Түйіндеме: Мәтінді оқу, оқығанды түсіну – маңызды әрекет. Бұл білім беру саласы үшін ғана емес, кез келген тұлғаға қажет. Бүгінгі ақпараттар ағыны секунд сайын өзгеріп, толығып отыратын цифрлық қоғамда адамның өзіне керегін тез әрі дұрыс таңдау жасауы үшін белгілі бір оқу дағдыларын меңгеруі тиіс. Мақалада аналитикалық оқу түрі және оның өзіндік ерекшеліктері қарастырылды. Алдымен, «мәтін» терминінің мәні ашылып, одан кейін мәтінді оқудың түрлері, атап айтқанда, М.Адлердің теориясы талданды. Сонымен қатар, «аналитикалық оқу» және «аналитикалық оқылым» терминдерінің қолданысына түсіндірме берілді. Аналитикалық оқу қолданысы үдерістің, әрекеттің сипаты ретінде, сол түсінікпен байланысты қолданылса, аналитикалық оқылым – осы оқу үдерісі негізінде қалыптасатын оқу дағдысы. Аналитикалық оқылым – бұл саналы және сыни тұрғыдан мәтіндерге талдай жасай алу, ақпараттарды ажырата білу, ондағы негізгі идеяларды таба алу және деректер (фактілер) мен көзқарастарды айыра алу қабілеті.

Тірек сөздер: *reading, analytical reading, text, reflection, critical thinking, reading strategies*

Analytical Reading as a Means of Forming a Student's Analytical Competence

Abstract: Reading a text and understanding what is read is an important activity. This is necessary not only for the educational sphere, but for any person, and in today's digital society, where the flow of information changes and increases every second, a person must master certain reading skills in order to make the right choice quickly and correctly. The article discusses the analytical reading type and its specific features in detail. First, the meaning of the term "text" is revealed, and then the types of text reading, in particular, the theory of M. Adler, are analyzed. In addition, an explanation is given to the use of the terms "analytical reading" and "analytical reading". If the use of analytical reading is used in connection with the same concept as a characteristic of the process, activity, then analytical reading is a reading approach that is formed on the basis of this learning process. Analytical reading is the ability to consciously and critically analyze texts, distinguish information, find main ideas in them, and distinguish between data (facts) and opinions.

Key Words: *International relations, Public diplomacy, Kinship, Descendancy.*

Кіріспе

Бүгінгі XXI ғасырда, ақпараттар ағыны толассыз уақытта, білім беру саласында оқылым әрекетін ұйымдастырудың маңызы ерекше екені айтпаса да түсінікті. Қандай да бір мәтінді оқу барысында тиімді оқу стратегияларын қолдану тек оқушы немесе білімгер үшін ғана емес, кез келген адамға қажет дағды болып саналады. Бұл дағдының қалыптасуы цифрлық дәуір деп сипатталатын қазіргі заманда сансыз ақпараттың ішінен іздеген материалды таба білуге, оның негізгі өзегін айқындай алуға тікелей байланысты болып келеді. Ол үшін мәтінді оқып шығып, түсінумен қатар, оған терең талдау жүргізе білу дағдысы қажет болады. Оны қалыптастырудың бірден бір жолы – аналитикалық оқылым.

Оқылым әдістемелік еңбектерде белгілі бір мазмұнға ие ақпаратты мәтінді түсіну мен қабылдау, қабылдаған ақпаратты өңдеуден сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде түсініледі. Оқылым және оның бір түрі саналатын аналитикалық оқылым жайында айтпас бұрын, алдымен, кез келген оқылым үшін нысан болып табылатын мәтінге тоқталайық.

«Мәтін» ұғымының еңбектерде әртүрлі түсініліп, әр қилы анықталуы оның күрделі және жан-жақты сипатымен байланысты болып келеді, дегенмен олардың бәріне ортақ белгіні де табуға болады. Мәселен, белгілі бір жағдаятта индивид тарапынан жүзеге асырылған сөйлеу актісі немесе сөйлеу актілерінің байланысын мәтін (ауызша

* Филология ғылымдарының докторы, доцент, SDU University «Тілдік білім беру» кафедрасы, maira_zhania@mail.ru

*** Курс докторанты, SDU University «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ докторанты, dauirhan.saltanat@gmail.com

немесе жазбаша) деп тану (Косериу, 1977: 515). Ал И.Р.Гальпериннің пайымдауынша, мәтін – бұл жазба құжат түріндегі, сол құжаттың типіне сәйкес әдеби өңделген, аяқталған, объективті сипатқа ие сөйлеу үдерісінің өнімі, атауы (тақырыбы) мен бірқатар ерекше бірліктерден (жоғары фразалық бірлік) тұратын, түрлі лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардан тұратын, белгілі бір мақсатты, прагматиканы көздейтін туынды (Гальперин, 2007: 18). Бұл анықтамадан мынаны аңғаруға болады: сөйлеуді шығармашылық деп қарасақ, соның негізінде пайда болатын қағаз бетіне түспеген аяқ астынан жасалатын, жүйелі ұйымдаспаған ауызша сөйлеу туындысы емес, одан ерекшеленетін сөйлеу әрекетіндегі шығармашылықтың бір түрі мәтін деп танылған. Мәтінге қатысты ойын ары қарай Гальперин былайша жалғастырады: мәтін сөйлеу актісінің дәлелі (фактісі) ретінде жүйелі сипатта болады, яғни мәтін мазмұны бар қандай да бір аяқталған хабарламаның көрінісі. Ол әдеби тілде бар, яғни функционалды стильдер және оның жанрлық түрлерінің біріне сай келетін белгілі бір үлгі бойынша жасалады (Гальперин, 2007: 20). Жоғарыда мәтінге берген екі зерттеушінің анықтамаларына ортақ нәрсе – мәтіннің сөйлеу актісімен байланысты, содан туындайтын нәтиже немесе өнім екендігі.

А.А. Брудныйдың түсіндіруінде «Мәтін дегеніміз – бұл түсінуге бағытталған шындық. Бір жағынан алғанда, мәтін өзінің бойында объективті шындықтың немесе болмыстың маңызды сапаларын сақтайды. Таратып айтқанда, біздің еркімізден немесе санамыздан тыс, оған тәуелсіз бізге сезіну арқылы қабылдаумен берілген мазмұнның материалды тасымалдаушысы. Екінші жағынан алғанда, мәтін өзгеріске түспейтін мән-мазмұнның материалды тасымалдаушысын осы мән-мазмұнның өзінің түсіну барысында өзгеріске түсуімен қоса қамтиды» екен (А.А.Брудный, 1976: 108). Бұл анықтамадан көрініп тұрғандай, мәтін мазмұны тұрақты сипатқа ие болады дегенмен, осы мазмұн оқып отырған адамның оқу үдерісінде мәтінді түсіну барысында өзгермелі сипатқа ие болады екен. Осы тұрғыдан алғанда, мәтінмен жұмыстың түрлері оқу мақсатымен байланысты және бұл мәтінді оқуды ұйымдастыруға тәуелді болып келеді.

Ақпараттар ағыны толассыз және сәт сайын өзгермелі сипатымен ерекшеленетін заманда оқыған мәтіннен керек ақпаратты алу оқудың стратегияларын дұрыс таңдай білуді қажет етеді. Дәл осы кезде аналитикалық оқылым дағдысын меңгеру кез келген оқырман үшін маңызды саналады.

Аналитикалық оқылым – бұл саналы және сыни тұрғыдан мәтіндерге талдай жасай алу, ақпараттарды ажырата білу, ондағы негізгі идеяларды таба алу және деректер (фактілер) мен көзқарастарды айыра алу қабілеті (Т.В.Дедова, 2023а: 95). Бұл оқу стратегиясына тән ерекшеліктер мәтінде қамтылған ақпараттарды қырағы көзбен оқи отырып, осы мәтіннің мазмұндық жағынан маңызын қалыптастырып тұрған идея, факті, пікір үштігін тап басып таба алуға бағытталған. Аталған оқылым дағдысы оқу үдерісіндегі субъектілерге оқу материалдарын толық әрі сапалы игеруге ғана емес, кез келген адамның тұлғалық дамуы мен кәсіби өсуіне де қажет екендігі ешқандай талас тудырмайды. Аналитикалық оқу әдісі мәтінге терең үңілуге, оның құрылымы мен автордың мәтінге бекіткен ой-пайымдауларын түсінуге мүмкіндік береді.

Осы тұста біз мақаладағы аналитикалық оқу және аналитикалық оқылым терминдерінің қолданысына, олардың ара-жігін ажырата отырып түсіндірме беріп кетейік. Аналитикалық оқу қолданысын біз үдерістің, әрекеттің сипаты ретінде, сол түсінікпен байланысты ойымызды жеткізуде пайдалансақ, аналитикалық оқылым – бұл осы оқу үдерісімен байланысты болып келетін біріншіден, педагогика саласында сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде анықталатын оқылым терминімен байланысты, сондағы оқылымның түрі, екінші жағынан, осы оқу үдерісі негізінде қалыптасатын оқу дағдысы, мақалада екінші термин осы түсінікте қолданылды.

Оқудың түріне қатысты болып келетін бұл аналитикалық оқу стратегиясы жайында алғаш рет американдық философ әрі психолог Мортимер Адлер айтқан болатын (М.Адлер, 1966). Дәлірек айтқанда, дәстүрлі пассив оқу әдісінен ерекшеленетін, оқырманға мәтіннің ішіне «тұтастай еніп кетіп», мәтінмен бірге болатын оқу тәсілі ретінде осы аналитикалық оқу тәсілін ұсынған еді. Мәтін оқу әрекетіндегі бұл тәсіл қазіргі кезде білім беруде де, адамның жеке тұлғалық дамуына қатысты салада да кең қолдауға ие құрал болып отыр.

Аналитикалық оқу түрі жазылған ақпаратты оқу арқылы қабылдаудан тұрмайды, ол – мәтінмен «бірге болу» жағын қажет етеді; бұл – ақпаратты қабылдау үдерісінде мәтінге біртіндеп ену оның мазмұнын ғана түсініп қоймай, автордың айтпақ ойларын талдау және сол талдау арқылы бағалауға барып ұласады; бұл әрекеттер оқушының не оқырманның сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Мортимер Адлер ұсынған аналитикалық оқу әрекеті бойынша анықталған деңгейлер оқырманға мәтінді оқу нәтижесінде мәтінді тереңірек түсінуге көмектесетін негізгі ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер болып шығады.

Аналитикалық оқу әрекетінің бастапқы сатысы – негізінен түсіну деңгейі. Бұл сатыда оқушы нені түсінуі керек деген заңды сауал туындайды? Оқырман бұл деңгейде мәтіннің негізгі идеясын түсіну және талдауға тырысады, яғни автордың келтірген негізгі аргументтері мен негізгі детальдарға назар аударады. Оған қол жеткізу үшін оқырман тарапынан жасалатын әрекеттерге мыналарды жатқызуға болады: мәтіннің құрылымымен таныса отырып, ондағы тірек сөздер мен негізгі ерекшеліктерді аңғартатын құрылымдарды, сөздерді тауып, солардың қорытып, түйіндеп мәтін бойынша бір пайымдау жасайды.

Екінші деңгей – логикалық тұрғыдан талдау жасау деңгейі. Бұл деңгейде оқырман оқып отырған мәтінде қамтылған дәйектемелерді қисындық тұрғыда байланыстыра отырып, өзіне сауалдар қояды. Яғни себеп-салдарлық қатынастарды анықтайтын немесе көрсететін байланыстарды анықтап, өзінде қорытынды түйін шығарады. Оқырман сауалдарды нысанға қатысты алғанда түрлі қырынан және түрлі көзқарас тұрғысынан қоя отырып, мүмкін деген барлық, тіпті қарсы деген мәтінде ұсынылған қорытындыларды шығарады.

Үшінші деңгей – рефлексия деңгейі. Рефлексия дегеніміз – жеке тұлғаның өзінің ойы мен идеяларына, пікірлері мен түсініктеріне талдау жасауы, осы тұрғыдан алғанда ол менталды үдеріс деп танылады. Рефлексия – ойлаудың жоғары деңгейдегі түрі.

Рефлексия (лат. reflexio - кейінге оралу) – ойлау, ішкі шоғырлану, өз уайымдарын талдауға бейімділік (Ш. Құрманбайұлы., т.б. 2019: 596).

Ал қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде: «Рефлекс (лат. reflexus) – ағзаның сыртқы әсерге (тітіркендіргіштерге) орталық жүйке жүйесі арқылы қайтаратын реакциясы» деген анықтама берілген (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2010: 482).

Рефлексияға қатысты бұл анықтамалардан аталған терминдердің жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарға ортақ екенін байқау қиын емес. Мұнда биологиялық ұғымды анықтайтын рефлекс ағзаның реакциясы болып келсе, рефлексия субъектіге қатысты, оның жай-күйіне байланысты термин ретінде орныққан.

Рефлексия терминіне қатысты келесі бір анықтамада оның педагогикалық аспектісі қамтылған. Мәселен, А.Әлімов рефлексия ұғымын өзінше ой түйе алатын сыни қабілетке ие (рефлексия жасай білетін) тұлғаны қалыптастырумен байланыстыра отырып, «адам рефлексиялық білімге ие болса, оның өзіне қоятын талаптары жоғары болады, ойлау қабілеті артады, ол «тазаланады», өз әрекеттерін түзейді, өзін-өзі дамыта алады» деп жазады (А.Әлімов, 2014: 25).

Дискурстық талдау негізінде тілдік рефлексияны анықтауға қатысты зерттеу жұмысында П.Сыдық: «Рефлексия қандай аспектіде қарастырылса да, оны танытатын – сол

рефлексияны тасымалдаушы тілдік таңбалар. Рефлексияны тасымалдап, танытатын, таңбалайтын тілдік құралдарды зерттеу, дәлірек айтқанда, рефлексияның лингвоменталды феномендік сипатын тану, таныту – тіл ғылымын зерттеушілер үлесіне тиесілі» деп жазады (Сыдық, 2024: 37).

Осы берілген анықтамалардың қай-қайсысы болса да оқу әрекетіндегі үшінші деңгей саналатын рефлексия жасауға қатысы бар. Мәтінді аналитикалық оқудың үшінші деңгейі саналатын рефлексия сатысында оқырманның алдына мәнмәтін, норма және құндылықтармен байланысты болып келетін сұрақтар жиынтығы шығады. Ол мәтіндегі жасырын хабарламаларды талдап, мазмұнды өзінің білімімен, тәжірибесімен салыстырады, сол арқылы мәтінге ықпал етуі мүмкін деген болжамдарға назар аударады. Адлер оқырманға мәтінді терең түсініп талдауға мүмкіндік беретін рефлексияның бірнеше деңгейін көрсетеді. Яғни бұл - мәтінді оқып отырғанда соған қатысты оқырманның мәтінге немесе мәтін мазмұнына қатысты ойы, пікірі, талдауы деген сөз.

Аналитикалық оқудың рефлексия деңгейінде бірінші кезекте жасалуы тиіс әрекет – мәтіннің негізгі идеясын табу. Оқырман мәтінде көтерілген мәселені, яғни мәтінде не туралы айтылып жатқанын және қандай басты тақырыптардың бар екендігін анықтай алуы керек. Мұны іске асыру үшін жасалатын әрекеттер: белсенді оқу, тірек сөздер мен тіркестерді, фразаларды табу, қажет болса, маңызды цитаталарды жазып алу. Рефлексия тұрғысынан келгенде, мәтінді толық түсіну үшін оқырман өзіне сұрақ қою керек, ол сауал – автордың оқырманына айтқысы келгені не? мазмұнында болады. Рефлексияның екінші сатысы – мәтінге жасалатын талдау мен мәтіннің интерпретациясы. Бұл тұста мәтін бөліктері арасындағы идеялық байланыстарды анықтаудың маңызы зор. Оқырман автордың өз пайымдауын жеткізуде қолданған дәлелдер мен деректерді іздестіру керек, сонымен қатар, тақырып не идея туралы толыққанды түсінік болу үшін түрлі көзқарастарды да көре отырып, оларды талдауы қажет. Келесі, рефлексия жасаудағы үшінші деңгей – мәтінді бағалау мен оның маңыздылығы. Бұл орайда оқырман сыни ойлау арқылы автордың қызығушылығы мен берілген ақпараттың сенімділігі туралы сауалдарды қоя отырып, рефлексия жасайды. Мұнда мәтіннің оқырманға ықпалы етуі, эмоционалды тұрғыдан реакция тудыруы, сонымен қатар, мәтіннің күшті және әлсіз тұстарын бағалай отырып, оның артықшылықтары мен оқырманға оның қажеттілігіне қаншалықты релевантты екендігін бағалауы жатады. Ал соңғы саты талданған жайттардың басын қосып қорытудан немесе синтезден және бағалаудан тұрады. Бұл кезеңде оқырман мәтіндегі ақпараттардың негізінде пайымдаулар жасап, өзіндік аргументтерін келтіреді. Өзіндік пікірін қалыптастырып, берілген ақпараттың сенімділігіне қатысты бағалау пікірін білдіріп, мәтіндегі көрсетілген аргументтерді жоққа шығарады немесе мақұлдайды.

Мәтін оқудың түрлеріне қатысты, оның ішінде аналитикалық оқытуды дамытудың бірнеше тәсілі Дедованың еңбегінде көрсетіледі.

Олар: 1) белсенді оқу, 2) кері талдау, 3) контекстік оқу, 4) жол аралық оқу, 4) тәжірибе (Дедова, 2023 : 96).

Белсенді оқу түрі мәтіннің идеясы мен ондағы негізгі шешуші сәттерге көңіл аударуды талап етеді. Оқушы мәтінді оқып отырған кезде, ондағы маңызды деген тұстарға белгі соғып, соны анықтауға тырысады. Бұл тәсіл оқыған нәрсеге назар аударып, мазмұнды дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу әрекеті аяқталған соң оған қайта оралып, мәтіндегі детальдарды қайта тағы бір талдау қажет. Атап айтқанда, мәтін бөліктері арасындағы байланыстарды анықтауға және мәтінде көрініс тапқан түрлі қорытындылар мен көзқарастарға, автордың идеясына

қатысты оқушының өзіне тағы да сұрақтар қоюына бағытталған. Мәтін оқудың кері талдау деп аталатын бұл түрі мәтін мазмұнын терең түсіне отырып, негізді түйіндер жасауға ықпал етеді.

Мәтін оқу барысында оқушының аялық білімі өте маңызды. Яғни әлеуметтік, тарихи және мәдени контекстің әсерін, автордың мақсатын, аялық білімді ескеру дегеніміз – мәтінге контекст тұрғысынан қарау дегенді білдіреді. Бұл мәтін құрылымы мен мақсат-міндеттерді түсінуге көмектеседі. Мәтін оқудың контекстік оқу түрі – ақпаратты дәлірек бағалауға және сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік береді.

Кейде мәтіндегі ақпараттар ашық айтылмай, имплицитті беріледі немесе жағдаяттар арқылы ғана көрініс тауып жатады. Аналитикалық оқуды дамытудың тағы бір түрі осы мәтіндегі астарлы берілген ойларды анықтап, мәтіндегі ақпараттарды салыстыру мен байланыстыруға негізделеді. Осындай ақпарат мәтін мазмұнында ашық берілмеген, алайда ондағы мазмұнды түсіну жол аралық оқу түрі арқылы жүзеге асады. Бұл оқу түрінің маңыздылығы мәтін мен оның мазмұны бойынша толық көріністі елестетуге пайдалы болуында.

Соңғысы, тәжірибе – аналитикалық оқудың іс-жүзінде іске асырылуы. Басқаша айтқанда, түрлі мазмұндағы және түрлі жанрадағы мәтіндерді оқу дағдысын қалыптастыру деген сөз. Бұл - жүйелі түрде оқу және саналы түрде аналитикалық оқуды дамыту оқушы таным көкжиегін кеңітіп қана қоймай, ойлау әрекетінің де икемді болуын қалыптастырады.

Қорытынды

Сонымен, оқудың аналитикалық түрі мәтінді түсінумен қатар, сол түсінуге қол жеткізу үшін қажет сыни ойлауды дамытудың тиімді құралы болып табылады. Бұл оқу әдісі оқушыға мәтіннің ішіне еніп, онымен «біте-қайнасып» кетуге бағыттайды. Басқаша айтқанда, мәтінмен «бірлікте болу» деген сөз – мәтінді оқып отырған оқушының өзіне сұрақтар қоюы, сол арқылы тақырыптарды анықтап, автордың идеясы мен мақсатын айқындап, сондай-ақ ондағы келтірілген ақпараттардың сенімділігін бағамдай алуы. Осы Мортимер Адлер ұсынған аналитикалық оқу түрі арқылы мәтінді оқитын тұлға онда берілген ақпараттарды сыни тұрғыдан талдап, интерпертациялауға үйренеді. Бұл дағдыға қол жеткізу үшін оқу әрекеті жүйелі түрде іске асуы керек. Ал жоғары деңгейде мәтін талдау шеберлігі үлкен дайындық пен дағдыны, ал ол уақытты қажет етеді.

ҚАҰНАҚСА

- ГАЛЬПЕРИН И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. Изд. 5-е, стереотипное. –М.: КомКнига, 2007. -144 с. (Лингвистическое наследие XX века).
- КОСЕРИУ Е. Современное положение в лингвистике. – Из. АН СССР, 1977, т.36, №6.
- БРУДНЫЙ А.А. Подтекст и элементы внетестовых знаковых структур / А.А. Брудный // Смысловые восприятие речевого союжения (в условиях массовой коммуникации). –М.: Наука, 1976. – С.152-158.
- ДЕДОВА Т.В. Аналитическое чтение: ключевые навыки для успешного обучения и развития // Актуальные исследования, 2023. №28 (158). Педагогика. С. – 95 – 97.
- АДЛЕР М. Как читать книги. Руководство по чтению великих произведений. –«Манн, Иванов и Фербер», 1966 – (МИФ Культура).
- ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ИСАҚОВА С., МИЗАМХАН Б. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. –Алматы: «Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры» 2019. – 596 б.
- ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ. О – С, 12 том. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. -752 б.
- ӘЛІМОВ А. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. –Астана: «Педагогикалық шеберлік орталығы», Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, 2014. – 28 б.

СЫДЫҚ П. Тілдік рефлексия: дискурстық талдау(қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде) // **Философия (PhD)** докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Ақтөбе, 2024. -147 б.